- 1.2. «Орталық-Азия отын-энергетика компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және 13 мамыр 2003 ж. № 415-II «Акционерлік Қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (әрі қарай - Заң) сәйкес құрылды.
- 1.3. Қоғамның толық атауы:
 - 1.3.1. мемлекеттік тілде: «Орталық-Азия отын-энергетика компаниясы» Акционерлік қоғамы;
 - 1.3.2. орыс тілінде: акционерное общество «Центрально-Азиатская топливно-энергетическая компания»;
 - 1.3.3. ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Central-Asian power-energy company».
- 1.4. Қоғамның қысқартылған атауы:
 - 1.4.1. мемлекеттік тілде: «ОАОЭК» АҚ-ы;
 - 1.4.2. орыс тілінде: АО «ЦАТЭК»;
 - 1.4.3. ағылшын тілінде: JSC «CAPEC».
- 1.5. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 89.
- 1.6. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

2-Бап. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

- 2.1. Қоғам заңды тұлға болып табылады. Заңды тұлғаның құқықтарын және міндеттерін Қоғам әділет органында мемлекеттік тіркеу сәтінен алады.
- 2.2. Қоғам мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы берілген мөрге, дербес балансқа, банктерде есеп айырысу, валюталық және басқа шоттарға ие. Қоғам Қоғам Президентімен бекітілген және белгіленген тәртіпте тіркелген өз тауарлық белгісіне және рәміздеріне, нұсқаларына ие болуы мүмкін.
- 2.3. Қоғам қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен реттеледі.
- 2.4. Қоғам өз атынан кез келген мәмілелерді іске асыруға, мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтарға иелік етуге, міндеттемелер көтеруге, сотта қуынушы, жауапкер және үшінші тұлға болуға құқылы.
- 2.5. Қоғам өз қызметінің максаттарына сәйкес өз мүлкіне иелік етуді, пайдалануды және реттеуді жүзеге асырады. Қоғам оқшау мүлікке иелік етеді, дербес балансқа ие және толық дербестік, өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі өтеушілік, соның ішінде валюталық, негізінде әрекет етеді.
- 2.6. Қоғам өзінің қызметі үшін қажетті экспорттық және импорттық мәмілелерді атқару құқығын қосқанда, сыртқы экономикалық операцияларды дербес жүзеге асыруға құқылы.
- 2.7. Қоғам Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарына ізінше хабарлай отырып, Қазақстан Республикасының территориясында және оның шегінде өз филиалдарын және өкілдіктерін құруға, сонымен қатар басқа ұйымдарды құруға және қызметіне қатысуға, соның ішінде еншілес ұйымдарды құруға құқылы.
- 2.8. Қоғам өз қызметін іске асыру үшін қажетті орындарды, жерді, сонымен қатар кез келген түрдегі жылжымалы және жылжымайтын мүлікті салуға, иелікке алуға, жалға алуға және беруге құқығы бар.
- 2.9. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауапкершілік көтереді. Акционерлер тиесілі акцияларының құны шегінде Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес Қоғамның залалдары үшін жауапкершілік көтереді. Қоғам акционерлердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3-Бап. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ, НЫСАНЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

- 3.1. Қоғам қызметінің мақсаты осы Жарғыда қарастырылған қызметті жүзеге асырудан табыс табу, табысты ұлғайту және оны акционерлердің мүдделерінде пайдалану болып табылады.
- 3.2. **Қоғам қызметінің нысаны және түрлері болып табылады:**
 - 3.2.1. энергетика, машина жасау саласында және өнеркәсіптің басқа салаларында жұмыс істейтін отандық және шетелдік кәсіпорындарды дамытуға атсалысу;
 - 3.2.2. инвестициялық қызмет;
 - 3.2.3. консультациялық қызметтер көрсету;
 - 3.2.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет;
 - 3.2.5. коммерциялық қызмет;
 - 3.2.6. өндірістік-техникалық, сауда, тұрғын үй және әлеуметтік-мәдени арнауғағы нысандардың құрылысы және жөндеу;
 - 3.2.7. халық тұтынатын тауарларды, өнімдерді, өндірістік-техникалық өнімдерді өндіру;
 - 3.2.8. сауда-сатып алу қызметі, азық-түлік өнімдерімен, халық тұтынатын тауарлармен, өндірістік-техникалық арнауғағы өніммен сауда-саттық;
 - 3.2.9. инновациялық қызмет;
 - 3.2.10. құрылыс материалдарын дайындау, қайта өңдеу, өндіру және сату;
 - 3.2.11. маркетингтік және басқа қызметтер көрсету;
 - 3.2.12. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған басқа қызмет түрлерін жүзеге асыру.
- 3.3. Айналысу үшін лицензия (рұқсат, сертификат) алу қажет қызмет саласындағы Қоғамның құқықтық қабілеттілігі осындайды алу сәтінен туындайды және оны қайтарып алу, жарамдылық мерзімі аяқталған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жарамсыз деп таныған сәттен тоқтатылады.

4-Бап. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

- 4.1. **Қоғам акционері:**
 - 4.1.1. Заңда және Қоғамның осы Жарғысымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
 - 4.1.2. дивидендтер алуға;
 - 4.1.3. Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғам Жарғысымен немесе Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысымен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
 - 4.1.4. Қоғамның тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 4.1.5. Қоғамның директорлар Кеңесіне сайлау үшін Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына үміткерлерді ұсыну;
 - 4.1.6. Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде даулау;
 - 4.1.7. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраулар салу және Қоғамға сұрау түскен күннен отыз күн бойы мотивацияланған жауаптар алу;
 - 4.1.8. Қоғамды тарату кезінде мүліктің бөлігіне;

- 4.1.9 заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.
- 4.1. Қоғамның ірі акционері сонымен қатар құқыққа ие:
- 4.1.1. акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы Жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру жөніндегі талап арызбен сотқа жүгіну;
- 4.1.2. Қоғам Жарғысына және Заңға сәйкес директорлар Кеңесіне акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну;
- 4.1.3. директорлар Кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
- 4.1.4. өз есебін аудиторлық ұйымнан Қоғам аудитын жүргізуді талап ету.
- 4.2. Акционерлердің осы баптың 4.1.1. және 4.1.2.-тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.
- 4.3. Жай акция акционерге акционерлердің Жалпы жиналысына дауыс беруге қойылған барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс құқығымен қатысуға құқық. Қоғамда таза табыс болғанда дивидендтерді алуға, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оны тарату кезінде Қоғам мүлкінің бөлігін алуға құқық береді.
- 4.4. Қоғамның жай акциялар бойынша дивидендтер тоқсан, немесе жарты жылдық, немесе бір жылдық қорытындылары бойынша акционерлердің жалпы жиналыстың шешімі негізінде төленуі мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде Қоғамның бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері көрсетіледі.
- 4.5. Акционерлер – артықшылық берілген акциялардың меншік иелері акционерлер – жай акциялардың меншік иелері алдында Қоғам жарғысымен белгіленген, алдын ала анықталған кепілді мөлшерде дивидендтерді алуға және Заңмен белгіленген тәртіпте Қоғамды тарату кезінде мүліктің бөлігіне артықшылықты құқыққа ие. Қоғамның артықшылық берілген акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.
- 4.6. Артықшылық берілген акция акционерге осы баптың 4.7 тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.
- 4.7. Артықшылықты бір акцияға дивидендтер төлеу кезеңділігі және дивидендтің мөлшері қоғамның жарғысымен белгіленеді. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері жай акциялар бойынша осы кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауы керек. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.
- 4.8. Артықшылық берілген акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді, егер:
- 4.8.1. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы шешімі артықшылық берілген акцияларға иелік ететін акционер құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарастыратын болса. Осындай мәселе бойынша шешім орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылық берілген акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі шектеуге дауыс беруі шартында ғана қабылданған болып саналады;
- 4.8.2. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы Қоғамды қайта құру не тарату туралы мәселені қарастырса;
- 4.8.3. артықшылық берілген акция бойынша дивидендтер оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен үш ай бойы толық мөлшерде төленбесе.
- 4.9. Қоғам акционері:
- 4.9.1. акцияны төлеуге;
- 4.9.2. осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға; қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;
- 4.9.3. Заңға және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес басқалай міндеттерді атқаруға міндетті.
- 4.10. Акционердің осы баптың 4.8.2-тармағында белгіленген талаптарды орындамауы салдары үшін Қоғам және тіркеуші жауапты болмайды. Бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алуға Қоғам акционерлерінің құқығын жүзеге асыру тәртібін өкілетті орган белгілейді.

5-Бап. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

- 5.1. Қоғам органдары болып табылады:
- 5.1.1. жоғарғы орган – акционерлердің Жалпы жиналысы;
 - 5.1.2. басқару органы – директорлар Кеңесі;
 - 5.1.3. атқарушы орган - Президент.
- 5.2. Қоғам, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа органдарды құра алады.

6-Бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ, ОНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
- 6.2. Акционерлердің бірінші Жалпы жиналысы жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуден кейін және акция ұстаушылардың реестрлер жүйесін қалыптастырғаннан кейін шақырылуы және жүргізілуі мүмкін.
- 6.3. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, аяқталған қаржылық жылға Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясы есебінде дивиденд мөлшері анықталады. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы шешім қабылдау құзыреттілігіне жататын басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.
- 6.4. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталысымен бес ай ішінде жүргізілуі тиіс. Есептік кезеңде Қоғам аудитын аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.
- 6.5. Акционерлердің жылдық, кезектен тыс және қайталама Жалпы жиналысын дайындау және өткізу тәртібі, оны өткізу жөнінде ақпарат беру және қворумды анықтау Заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, бұл жағдайда акционер дауыс беру кезінде оған тиесілі дауыс беруші акциялардың санына тең дауыс санына ие болады.
- 6.6. Акционер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселе бойынша жеке немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқығы бар. Қоғам Президенті акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.
- 6.6.1. Акционер өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.
- 6.6.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін танытуға құқығы бар тұлғалар үшін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселе бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.
- 6.7. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен тікелей бекітілетін Қоғамның ішкі қызметін реттеуші ережелермен және Қоғамның басқа құжаттарымен Заң талаптарына сәйкес оны жүргізудің жұмыс тәртібі анықталады.
- 6.8. Акционерлердің Жалпы жиналысы Төрағасын, Хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде шешім дауыс беруге құқығы бар қатысушылар санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.
- 6.9. Осы баптың 6.10.1. – 6.10.3-тармақтарының мәселелері акционерлердің Жалпы жиналысының сырттай дауыс беруін өткізу арқылы шешіле алмайды. Мәселелердің осы тізіміне басқа да мәселелер енгізілуі мүмкін.

- 6.10. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:
- 6.10.1. Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 6.10.2. егер Қоғам Жарғысымен корпоративті басқару кодексін қабылдау қарастырылған болса, корпоративті басқару кодексін, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 6.10.3. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 6.10.4. Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 6.10.5. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6.10.6. есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және оны сайлау кезінде олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6.10.7. директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар директорлар Кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу шарттарын және мөлшерін анықтау;
- 6.10.8. Қоғам аудитын жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;
- 6.10.9. жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 6.10.10. Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 6.10.11. Заңның 22-бабының 5-тармағымен қарастырылған жағдайлар туындағанда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
- 6.10.12. Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомлада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау жолымен басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне Қоғамның қатысуы жөнінде шешім қабылдау;
- 6.10.13. акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге Қоғамның хабарлау формасын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 6.10.14. Қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 6.10.15. акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 6.10.16. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- 6.10.17. "алтын акцияны" енгізу және күшін жою;
- 6.10.18. шешім қабылдануы Заңмен және осы жарғымен Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер.
- 6.11. Осы баптың 6.10.1. – 6.10.4-тармақтарында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.
- 6.12. Акционерлердің Жалпы жиналысының басқа мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысушы Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.
- 6.13. Шешім қабылдауы акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді, егер Қазақстан Республикасының Заңымен және басқа заң

актілерімен басқалай қарастырылмаса, Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және жұмыскерлерінің құзыреттілігіне өткізуге жол берілмейді.

- 6.1.4. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысы бар мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімінен бас тартуға құқылы.

7-Бап. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ

- 7.1. Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру және өткізу туралы хабарлама, сонымен қатар Қоғам акционерлеріне берілетін Қоғам қызметі туралы ақпарат өкілетті орган емес анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.
- 7.2. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы директорлар Кеңесімен шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы директорлар Кеңесінің, ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.
- 7.3. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын шақыру тәртібіне қатысты басқа мәселелер және дауыстарды есептеу тәртібі Заңмен регламенттеледі.

8-Бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі осы Жарғыға, Заңға және Қоғамның ішкі қызметін реттеуші Қоғамның басқа құжаттарына сәйкес, не тікелей акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен анықталады.
- 8.2. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлердің (олардың өкілдерінің) тіркеуі жүреді. Акционер өкілі акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімді құжатты ұсынуы тиіс.
- 8.2.1. Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі) қворумды анықтау кезінде есептелмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- 8.2.2. Артықшылықтар берілген акциялардың меншік иесі болып табылатын акционер іштей өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысында болуға және қарастырылатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.
- 8.2.3. Егер осы Жарғымен немесе іштей өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен басқалай белгіленбесе, оған басқа тұлғалар шақырусыз қатыса алады. Осындай тұлғалардың акционерлердің Жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы акционерлердің Жалпы жиналысының өзінің шешімімен белгіленеді.
- 8.3. Қворум болғанда акционерлердің Жалпы жиналысы жарияланған уақытта ашылады. Акционерлердің Жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабардар етілген және жиналысты ашу уақытына өзгертуге қарсы наразылық білдірмейтін жағдайды қоспағанда, жарияланған уақыттан ерте ашыла алмайды.
- 8.4. Акционерлердің Жалпы жиналысы жиналыстың төрағасын (президиум) және хатшысын сайлауды жүргізеді және дауыс берудің — ашық немесе құпия (билетень бойынша) формасын анықтайды.
- 8.5. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы қарастырылып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сонымен қатар ол бойынша дауыс берудің тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге шығаруға құқылы.
- 8.6. Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарағаннан кейін және олар бойынша шешімдер қабылдағаннан кейін ғана жабылғандығы жариялануы мүмкін.
- 8.7. Жиналыс хатшысы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында берілген мәліметтердің толықтығы және сенімділігі үшін жауап береді.

9-Бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

- 9.1. Шешімдер іштей немесе сырттай дауыс беруді жүргізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге, не акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізусіз қолданылуы мүмкін.
- 9.2. Сырттай дауыс беруді жүргізу кезінде бір формадағы дауыс беруге арналған бюллетендер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Қоғам дауыс берудің нәтижелеріне ықпал көрсету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетендерді жеке акционерлерге іріктеп жіберуге құқығы жоқ.
- 9.3. Дауыс беруге арналған бюллетен акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізу күніне дейін қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.
- 9.4. **Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы келесілердің қол қоюына жатады:**
 - 9.4.1. Төраға және Хатшы;
 - 9.4.2. есеп комиссиясының мүшелері немесе оның функциясын орындаушы тұлғалар;
 - 9.4.3. Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызына иелік ететін және акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушы акционерлерлер. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда хаттамаға берілген сенімхат негізінде оның өкілі қол қояды.

10-Бап. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ, ОНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

- 10.1. Қоғамның директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне осы Жарғымен және Заңмен жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады.
- 10.2. **Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:**
 - 10.2.1. Қоғам қызметінің басымдылықты бағыттарын анықтау;
 - 10.2.2. акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 10.2.3. Жарияланған акцияларды орналастыру (өткізу), соның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың жарияланған акциялардың мөлшері шегіндегі мөлшері, оларды орналастыру (өткізу) әдісі және бағасы туралы шешімдер қабылдау;
 - 10.2.4. орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Қоғамның сатып алуы және оларды сатып алу құны туралы шешім қабылдау;
 - 10.2.5. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
 - 10.2.6. Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
 - 10.2.7. атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін (атқарушы органның функциясын дара жүзеге асырушы тұлға) сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 10.2.8. атқарушы орган басшысының және мүшелерінің (атқарушы органның функциясын дара жүзеге асырушы тұлға) лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін және еңбек ақысын төлеу және сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
 - 10.2.9. ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне еңбек ақы және сыйлықақы төлеу мөлшерін және шарттарын анықтау;
 - 10.2.10. аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

- 10.2.11. Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 10.2.12. Қоғам филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелер бекіту;
- 10.2.13. Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау, сондай-ақ олардың қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 10.2.14. меншікті капиталының мөлшерінен он және одан көп пайызды құрайтын шамада Қоғам міндеттемелерін арттыру;
- 10.2.15. Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 10.2.16. қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқалай құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 10.2.17. іске асырылуына қоғам мүдделі болатын ірі мәмілелер және мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 10.2.18. акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның осы Жарғысымен қарастырылған басқа мәселелер.
- 10.3. Тізімі осы баптың 10.2-тармағымен белгіленген мәселелер атқарушы органға шешу үшін беріле алмайды.
- 10.4. Директорлар Кеңесі осы Жарғыға сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.
- 10.5. Директорлар Кеңесімен қабылданған шешімдер veto құқығы қойылған мәселелер бойынша «алтын акция» негерімен келістіруге жатады.

11-Бап. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

- 11.1. Директорлар Кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.
- 11.2. **Директорлар Кеңесінің мүшелері келесілердің санынан сайланады:**
 - 11.2.1. акционерлер – жеке тұлғалар;
 - 11.2.2. акционерлер мүдделерін танытушылар ретінде директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылған (кеңес берілген) тұлғалар;
 - 11.2.3. осы Жарғымен белгіленген шектеулерді есепке алумен басқа тұлғалар.
- 11.3. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарды толығымен бір үміткерге беруге немесе оларды бірнеше үміткерлер арасында бөлуге құқылы. Дауыстардың ең көбін жинаған үміткерлер директорлар Кеңесіне сайланған болып саналады. Егер директорлар Кеңесіне мүшелікке екі және одан көп үміткерлер дауыстардың тең санын жинаса, осы үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.
- 11.4. директорлар Кеңесінің мүшесі болып Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің мүдделерін танытушы ретінде директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (кеңес етілмеген) жеке тұлға сайлануы мүмкін. Осындай тұлғалардың саны директорлар Кеңесі құрамының елу пайызынан аса алмайды.
- 11.5. Президент директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін, бірақ директорлар Кеңесінің Төрағасы қызметіне сайлана алмайды.
- 11.6. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде үш адамнан тұруы тиіс. Қоғамның директорлар Кеңесі мүшелерінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

- 11.7. Директорлар Кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысымен белгіленеді. Директорлар Кеңесі өкілеттігінің мерзімі жаңа директорлар Кеңесін сайлау жүретін акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады.
- 11.8. Акционерлердің Жалпы жиналысы директорлар Кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігі оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын аяқтау директорлар Кеңесіне жазбаша хабарлау негізінде жүзеге асырылады. Директорлар Кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері көрсетілген хабарламаны алу сәтінен тоқтатылады.
- 11.9. Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жағдайында, директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, директорлар Кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері тұтыс алғанда директорлар Кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.
- 11.10. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген ретте қайта сайлана алады.
- 11.11. Директорлар Кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің санынан құпия дауыс беру арқылы директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен сайланады. Директорлар Кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.
- 11.12. Директорлар Кеңесінің Төрағасы директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысын жүргізеді, сонымен қатар осы Жарғымен анықталған басқа функцияларды жүзеге асырады. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
- 11.13. **Отырысты шақыру оның Төрағасының немесе Президенттің бастамасымен не келесілердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін:**
 - 11.13.1. директорлар Кеңесінің кез келген мүшесі;
 - 11.13.2. Қоғамның ішкі аудит қызметі;
 - 11.13.3. Қоғамның аудитын жүзеге асырушы аудиторлық ұйым;
 - 11.13.4. ірі акционер.
- 11.14. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар Кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібінен тұратын сәйкес жазбаша хабарламаны жіберу арқылы директорлар Кеңесі Төрағасына қойылады.
- 11.15. Директорлар Кеңесі Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Президентке жүгінуге құқылы, ол директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар Кеңесінің отырысы шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей Төрағамен немесе Қоғам Президентімен шақырылуы тиіс. Директорлар Кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.
- 11.16. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қосып тіркеумен отырысты өткізу күніне дейін үш күннен кешіктірмей, мүшелерге және «алтын акция» иегеріне жіберілуі тиіс. Директорлар Кеңесінің отырысы өткізу туралы хабарлама отырысты өткізу күні, уақыты және орны туралы мәліметті, сонымен қатар оның күн тәртібін қамтуы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарлама жіберу тәртібін - директорлар кеңесі, ал "алтын акция" иесіне хабарлама жіберу тәртібін қоғамның жарғысы айқындайды.
- 11.17. Директорлар Кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар Кеңесінің отырысына қатысуының мүмкін болмауы жөнінде Президентке алдын ала хабарлауға міндетті.
- 11.18. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум қоғамның жарғысында белгіленеді, бірақ ол директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс. Жария компанияның директорлар кеңесінің отырысына міндетті түрде тәуелсіз директорлардың жалпы санының жартысынан кем емес мөлшерде тәуелсіз директорлар ұсынылуға тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

- 11.19. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар теңескенде директорлар Кеңесі Төрағасының немесе отырысқа төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
- 11.20. Директорлар кеңесі тек директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 11.21. Директорлар Кеңесінің отырыстары іштей өткізіледі. Отырыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оны отырысты өткізген күннен үш күн ішінде Төраға немесе отырыста төрағалық етуші тұлға және директорлар Кеңесінің хатшысы құруы және қол қоюы және келесілерден тұруы тиіс:
 - 11.21.1. Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 11.21.2. отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
 - 11.21.3. отырысқа қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
 - 11.21.4. отырыстың күн тәртібі;
 - 11.21.5. дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындысы;
 - 11.21.6. қабылданған шешімдер;
 - 11.21.7. директорлар Кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтер.
- 11.22. Директорлар Кеңесі отырыстарының хаттамалары Қоғам мұрағатында сақталады. Директорлар Кеңесінің хатшысы директорлар Кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған отырыс хаттамасын және онда қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттаманың және шешімдердің Қоғамның өкілетті жұмыскерінің қолымен және Қоғам мөрімен куәландырылған үзінділерін беруге міндетті.

12-Бап. ҚОҒАМ ПРЕЗИДЕНТІ

- 12.1. Ағымдағы қызметті басқаруды дара атқарушы орган – Қоғам Президенті жүзеге асырады.
- 12.2. Президент Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Президент Қоғам акционерлері Жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің шешімдерін атқаруға міндетті. Вето құқығы орнатылған мәселелер бойынша Президент шешімдері «алтын акция» иегерімен келісуге жатады.
- 12.3. Акционер, сондай-ақ, Қоғамның акционері болып табылмайтын жұмыскері Президент болуы мүмкін. Қоғам Президенті Қоғамның директорлар Кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.
- 12.4. Президенттің функциялары, құқықтары және міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен, Қоғам Жарғысымен, сонымен қатар көрсетілген тұлғаның Қоғаммен жасасқан жеке еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Президентпен жеке еңбек шартына директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе осыған акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе директорлар Кеңесімен өкілеттенген тұлға қол қояды.
- 12.5. Қоғам Президенті:
 - 12.5.1. акционерлердің Жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

- 12.5.2. Қоғам атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда сенімхатсыз әрекет етеді;
- 12.5.3. Қоғамды оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында таныту құқығына сенімхаттар береді;
- 12.5.4. Қоғам жұмыскерлерін қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату (Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда) жүзеге асырады, оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазалауды жүктейді, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақы және айлықақыға персоналдық үстеме ақылардың мөлшерлерін Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес белгілейді, Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерді қоспағанда, Қоғам жұмыскерлерінің сыйлықақы мөлшерлерін анықтайды;
- 12.5.5. осы Жарғымен және акционерлердің Жалпы жиналысының және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа функцияларды жүзеге асырады.

13-Бап. АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 13.1. Қоғам өз акционерлерінің назарына Қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын Қоғам қызметі туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.
- 13.2. **Қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат болып келесілер танылады :**
 - 13.2.1. акционерлердің жалпы жиналысымен және директорлар кеңесімен қабылданған шешімдер және қабылданған шешімдерді атқару туралы ақпарат;
 - 13.2.2. Қоғамның акциялар және басқа бағалы қағаздар шығаруы және Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарды өтеу қорытындылары туралы есептерді өкілетті органның бекітуі, өкілетті органмен Қоғамның бағалы қағаздары күшінің жойылуы;
 - 13.2.3. Қоғам іске асырылуына мүдделі болатын мәмілелерді және ірі мәмілелерді Қоғамның іске асыруы;
 - 13.2.4. Қоғамның меншікті капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан көп пайызды құрайтын мөлшерде Қоғамның займ алуы;
 - 13.2.5. Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензия алуы, Қоғам қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға бұрын алған лицензиялар әрекетін тоқтата тұру немесе тоқтату;
 - 13.2.6. Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;
 - 13.2.7. Қоғам мүлкіне тиым салу;
 - 13.2.8. нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінен он және одан көп пайызын құрайтын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипатқа ие жағдайлардың туындауы;
 - 13.2.9. Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
 - 13.2.10. Қоғамды мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
 - 13.2.11. осы Жарғыға сәйкес Қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын басқа ақпарат.
- 13.3. Акционерлердің мүдделерін қозғайтын, қоғам қызметі туралы ақпаратты беру кемінде он бес мың дана таралыммен шығарылатын және Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында яғни «Юридическая газета» басылымында, не Заңға және осы Жарғыға сәйкес белгіленген тәртіпте жеке хабарлауларды жіберу жолымен жүзеге асырылады.

14-Бап. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ АУДИТЫ

- 14.1. Қоғамның қаржылық есептілігі бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның бухгалтерлік балансын, табыстар және шығындар туралы есепті, ақшаның қозғалуы туралы есепті және басқалай есептілікті қамтиды.

- 14.2. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен белгіленеді.
- 14.3. Қоғам Президенті жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудиты жүргізілген аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті береді. Қаржылық есептіліктен бөлек, Президент Жалпы жиналысқа аудиторлық есеп береді.
- 14.4. Жылдық қаржылық есептілік бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылады.
- 14.5. Жылдық қаржылық есептілік акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізу күніне дейін отыз күннен кешіктірмей, директорлар Кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.
- 14.6. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүргізіледі.
- 14.7. Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есепті және табыстар және шығыстар туралы есепті өкілетті органмен белгіленген мерзімдерде жариялауға міндетті.
- 14.8. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитын жүргізуге міндетті. Қоғам аудиты директорлар кеңесінің, Президенттің бастамасымен Қоғам есебінен, не өз есебінен ірі акционердің талабы бойынша жүргізіле алады, бұл жағдайда ірі акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Ірі акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам сұрау салған аудиторлық қоғамға барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.
- 14.9. Егер Қоғам Президенті Қоғам аудитын жүргізуден жалтаратын болса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша соттың шешімімен белгіленуі мүмкін.
- 14.10. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттары Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша немесе Жарғыда анықталған басқа орында қызмет етуінің барлық кезеңінде Қоғаммен сақталуға жатады.

15-Бап. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

- 15.1. Қоғам қызметін тоқтату Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүзеге асырылады.
- 15.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру (қосылу, біріктіру, бөлу, бөліну, өзгерту) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Егер қайта ұйымдастыру жағдайында Қоғам өз қызметін тоқтатын болса, Қоғамның акциялар шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте күші жойылуға жатады.
- 15.3. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысымен қабылданады, ол Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес несие берушілермен келісе отырып және олардың бақылауымен тарату процедурасын анықтайды.
- 15.4. Қоғамды мәжбүрлі түрде тарату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда сотпен жүзеге асырылады. Қоғамды тарату туралы талап егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен басқалай қарастырылмаса, мүдделі тұлғалармен сотқа берілуі мүмкін.
- 15.5. Қоғамды тарату туралы акционерлердің Жалпы жиналысының немесе соттың шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.
- 15.6. Тарату комиссиясы тарату кезеңінде Қоғамды басқару бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тізімі анықталған әрекеттерді іске асыру өкілеттіктеріне ие.

- 15.7. Қоғамды ерікті түрде тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғамның несие берушілерінен өкілдер, ірі акционерлердің өкілдері, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес басқа тұлғалар енгізілуі тиіс.
- 15.8. Қоғамды тарату процедурасы және оның несие берушілерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
- 15.9. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте күші жойылуға жатады.
- 15.10. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған Қоғам мүлкі барлық акция иегерлерінің арасында Заңның 13-бабы 2-тармағының талаптарын ескере отырып, оларға тиесілі акциялардың санына пропорционалды түрде бөлінетін болады.
- 15.11. Қоғамды тарату аяқталған болып, ал Қоғам өз қызметін тоқтатқан болып заңды тұлғалардың Бірегей мелекеттік тіркеліміне бұл туралы жазбалар енгізілген сәттен саналады.

Акционерлердің жалпы жиналысымен өкілеттенген

Қоғам Президенті

Артамбаева Гульнара Джумағалиевна

Артамбаева Гульнара Джумағалиевна

СМОТРИ НА ОБОРоте